



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

12.05.2022 № 2-010346-22-38293

13.04.2022 № ДС-118

**«Ақ жол» Қазақстанның
Демократиялық партиясы
фракциясының депутаттарына
(тізім бойынша)**

Жоғары оқу орындарының жерлері бойынша

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура мемлекеттік жоғары оқу орындарының жерлерін бөлуге қатысты сіздердің депутаттық сауалыңызды қарады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (бұдан әрі – ҚазҰУ) бойынша.

Бұдан бұрын хабарланғандай, 2012 жылғы 30 қаңтарда Алматы қаласы әкімдігінің қаулысымен ҚазҰУ-ға тұрақты жер пайдалану құқығымен ауданы 73,26 гектар учаске берілген.

2017 жылғы 2 қазанда қала әкімдігімен осы учаскенің шекарасын түзету туралы қаулы қабылданып, оның ауданы 1,82 гектарға азайды (ҚазҰУ-да 71,44 гектар қалды).

Учаскенің кішірейтілген бөлігі «Omirx» ЖШС – 0,74 гектар, коммуналдық қызметтердің («Алматы Су» МКК, «Алматы жылу желілері» ЖШС, «Қазпошта» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ) – 0,56 гектар және Ш.А. Мұстафаевтың – 0,52 гектар иелігіне өтті.

Анықтама ретінде: Ш.А. Мұстафаевтың жер үлесі ҚазҰУ-дың өндірістік үй-жайларын көпшілік сауда-саттықта сатып алу нәтижесінде пайда болды.

Алайда Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 48 және 82-баптарын бұзып, Алматы қаласының әкімдігі «Omirx» ЖШС-ға жер учаскесін сауда-саттықсыз және оған ҚазҰУ-дың жер пайдалану құқығы тоқтатылғанға дейін берген.

Сондықтан Алматы қаласының прокуратурасы 2022 жылғы 11 мамырда қалалық Жер ресурстарын басқару департаментінің атына заңдылықты бұзушылықты жою туралы ұсыну енгізді (қаралуда).

Анықтама ретінде: 2021 жылғы 19 мамырда ҚазҰУ-ға мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен учаске алаңын қысқартуға қатысты әкімдіктің қаулысын заңсыз деп тану туралы талап қоюдан бас тартылды (сотқа өтініш беру мерзімі өтіп кеткен).

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті бойынша (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне тиесілі, бұдан әрі – ШҚУ).

2001 жылғы 16 қазанда Өскемен қаласы әкімінің шешімімен «Шығыс Қазақстан классикалық университеті» ЖШС-ға (бұдан әрі – ШҚКУ) әкімшілік ғимарат пен оқу корпусын орналастыру үшін учаскеге (0,5 гектар; 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 34А) жеке меншік құқығы берілген.

Оған ШҚКУ-дың 2001 жылғы 28 маусымда аталған учаскеде шеберханалары бар оқу корпустарының ғимараттары кешенін сатып алуы негіз болды (конкурс Шығыс Қазақстан аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен өткізілді; учаске Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қайта даярлау институтының иелігінде болған).

2001 жылғы 4 желтоқсанда ШҚКУ «Қазақстан-Американдық Еркін университеті» ЖШС-ға (бұдан әрі – ҚАЕУ) учаскені (табыстау актісі негізінде) берді.

Кейін учаскені А.Ю. Каменев ҚАЕУ-ден сатып алды, ол оның нысаналы мақсатын шағын қонақ үй орналастыруға өзгертті (Өскемен қаласы әкімдігінің **2007 жылғы 3 қаңтардағы** қаулысы).

Учаскенің келесі меншік иесі – А. Кудиярова нысаналы мақсатын сауда-ойын-сауық орталығын орналастыруға өзгертті (қала әкімдігінің **2019 жылғы 10 маусымдағы** қаулысы).

Осылайша, 2001 жылдан бастап учаске ШҚУ-ға тиесілі болмаған.

Жер кодексінің 109-бабының 1-тармағына сәйкес қалалардың, кенттердің, ауылдық елді мекендердің барлық жерлері олардың қала құрылысы құжаттамасына сәйкес пайдаланылуы тиіс.

Өскемен қаласының Бас жоспарына (2009 жылғы 3 қарашадағы) сәйкес осы жер учаскесінде жоғары және арнайы оқу орындарын орналастыру көзделген (тиісінше, А. Кудиярованың нысаналы мақсатын өзгерту бұзушылықпен жүзеге асырылған).

Алайда қаланың 2021 жылғы 12 қарашадағы жаңа бас жоспары осы учаскеге сауда-ойын-сауық орталығын орналастыруды көздейді.

Бүгінгі күні жергілікті атқарушы орган жер учаскесінің қала құрылысы құжаттамасына сәйкес келмеуін жойды.

Сонымен бірге Өскемен қаласының прокуратурасы 2022 жылғы 6 мамырда қалалық әкімдікке учаскелердің нысаналы мақсатын өзгерту кезінде қала құрылысы құжаттамасын мүлтіксіз сақтау қажеттілігі туралы хат жолдаған.

Республиканың **жоғары оқу орындарының жер учаскелерін** жер заңнамасының сақталуы тұрғысынан **тексеріске қатысты** төмендегіні хабарлаймыз.

«Прокуратура туралы» Заңның 6-бабының 6-тармағына сәйкес прокуратура органдары қадағалауды жүзеге асыру кезінде өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды.

Өз кезегінде прокурор тексерісті уәкілетті мемлекеттік органға **нақты субъектіге** қатысты және мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің **нақты фактілері бойынша** тапсыруға құқылы («Прокуратура туралы» Заңның 7-бабы және Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабы).

Осыған байланысты, тексеріске бастамашылық ету туралы мәселелер прокуратура органдарына оқу орындары тарапынан заңдылықты бұзудың нақты фактілері туралы мәліметтер келіп түскен кезде қаралатын болады.

Б. Асыллов



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

12.05.2022 № 2-010346-22-38293

13.04.2022 № ДС-118

Депутатам фракции
Демократической партии
Казахстана «Ақ жол»
(по списку)

По землям высших учебных заведений

Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен ваш депутатский запрос относительно раздела земель государственных высших учебных заведений.

По Казахскому национальному университету имени Аль-Фараби (далее – КазНУ).

Как ранее сообщалось, 30 января 2012 года постановлением акимата города Алматы КазНУ предоставлен на праве постоянного землепользования участок, площадью 73,26 га.

2 октября 2017 года акиматом города принято постановление о корректировке границ этого участка, с уменьшением его площади на 1,82 га (за КазНУ остались 71,44 га).

Уменьшенная часть участка перешла в ведение ТОО «Omigex» – 0,74 га, коммунальных служб (ГКП «Алматы Су», ТОО «Алматинские тепловые сети», АО «Казпочта», АО «Казхателеком») – 0,56 га и Мустафаева Ш.А. – 0,52 га.

Справочно: земельная доля Мустафаева Ш.А. возникла в результате приобретения на публичных торгах производственных помещений КазНУ.

Однако в нарушение статей 48 и 82 Земельного кодекса (далее – Кодекс) акиматом города Алматы ТОО «Omigex» участок предоставлен без проведения торгов и до прекращения на него права землепользования КазНУ.

Поэтому прокуратурой города Алматы 11 мая 2022 года в адрес Департамента по управлению земельными ресурсами города внесено представление об устранении нарушений законности (на рассмотрении).

Справочно: 19 мая 2021 года решением специализированного межрайонного экономического суда КазНУ отказано в иске о признании незаконным постановления акимата относительно сокращения площади участка (пропущен срок для обращения с заявлением в суд).

По Восточно-Казахстанскому университету имени Сарсена Аманжолова (принадлежит Министерству образования и науки Республики Казахстан; далее – ВКУ).

16 октября 2001 года решением акима города Усть-Каменогорска ТОО «Восточно-Казахстанский классический университет» (далее – ВККУ) предоставлено право частной собственности на участок (0,5 га; по улице 30-й Гвардейской дивизии, 34А) для размещения административного здания и учебного корпуса.

Основанием для этого послужило приобретение 28 июня 2001 года ВККУ комплекса зданий учебных корпусов с мастерскими на указанном участке (конкурс проведен Восточно-Казахстанским территориальным комитетом государственного имущества и приватизации; участок принадлежал – Институту переподготовки Восточно-Казахстанского государственного университета).

4 декабря 2001 года ВККУ передало (на основании передаточного акта) участок ТОО «Казахстанко-Американский свободный университет» (далее – КАСУ).

В дальнейшем участок приобретен у КАСУ Каменевым А.Ю., который изменил его целевое назначение на размещение малой гостиницы (постановление акимата города Усть-Каменегорска от 3 января 2007 года).

Следующий собственник участка – Кудиярова А. изменила целевое назначение на размещение торгово-развлекательного центра (постановление акимата города от 10 июня 2019 года).

Таким образом, участок с 2001 года не принадлежал ВКУ.

В соответствии с пунктом 1 статьи 109 Земельного кодекса все земли городов, поселков, сельских населенных пунктов должны использоваться в соответствии с их градостроительной документацией.

Согласно генеральному плану города Усть-Каменогорска (от 3 ноября 2009 года) на этом земельном участке предусмотрено размещение высших и специальных учебных заведений (соответственно, изменение целевого назначения Кудияровой А. осуществлено с нарушением).

Однако новый генеральный план города от 12 ноября 2021 года предполагает размещение на данной местности торгово-развлекательного центра.

На сегодня несоответствие земельного участка градостроительной документации местным исполнительным органом устранено.

Вместе с тем прокуратурой города Усть-Каменегорска в городской акимат 6 мая 2022 года направлено письмо о необходимости неукоснительного соблюдения градостроительной документации при изменении целевого назначения участков.

Относительно проверок земель высших учебных заведений республики на предмет соблюдения земельного законодательства сообщаем следующее.

Согласно пункту 6 статьи 6 Закона «О прокуратуре» при осуществлении надзора органы прокуратуры не подменяют функции иных государственных органов.

В свою очередь прокурор вправе поручить проверку уполномоченному государственному органу в отношении **конкретного субъекта и по конкретным фактам причинения** вреда законным интересам государства (статья 7 Закона «О прокуратуре» и статьи 144 Предпринимательского кодекса).

В этой связи вопросы об инициировании проверок будут рассмотрены при поступлении в органы прокуратуры сведений о конкретных фактах нарушения законности со стороны учебных заведений.

Б. Асыллов